- Өндіруші сақтық шараларын және қауіпсіздік техникасын сақтамауға жауапты емес.
- Құрылғыны жерге қосуы бар желіге қосу керек.
- Құрылғыны қолдануды бастау алдында құрылғы сыртындағы және ішіндегі барлық затбелгілерді және қорғағыш пленканы шешіңіз.

### Пайдалану

- Бұл өнім тамақ әзірлеу үшін, кәсіби емес қолдану үшін әзірленген. Оны басқа мақсаттарда қолданбау керек.
- Әзірлеу бетімен жұмысты аяқтаудан кейін өшіргеніңізге көз жеткізіңіз.
- Осы құрылғы жанындағы электр розеткасын пайдаланып жатсаңыз, қолданып жатқан құрылғылардың кабельдері оған тимеуін және құрылғының ыстық бөліктерінен жеткілікті алыс орналасуын қамтамасыз етіңіз.
- Ешқашан бұл құрылғыны бөлмені жылыту үшін қолданбаңыз.

## **Балалардың қауіпсіздігі**

- Бұл құрылғыны тек кәмелетке жеткен адамдар қолдануы керек. Балалардың құрылғыға жетпеуін қамтамасыз етіңіз.
- Бұл құрылғының ашық бөліктері тамақ өзірлеу кезінде қызады және өшіргеннен кейін біраз уақыт бойы қызған күйде қалады. Суығанша құрылғыға балаларды жақындатпаңыз.

## **Тазалау және қызмет көрсету**

- Құрылғыны таза күйде ұстаңыз. Тамақ қалдықтарымен ластауға болмайды, өйткені бұл өрттің пайда болу қаупіне әкелуі мүмкін.
- Ыстық өзірлеу бетіне қанттың немесе тәтті қоспалардың тиюін болдырмауға тырысыңыз. Ешқашан өзірлеу бетінде еруі мүмкін заттарды немесе материалдарды қоймаңыз. Егер сонда да бұл орын алса, құрылғыны бірден өшіріңіз және зақымдалуын болдырмау үшін қыздыру аймағы әлі ыстық кезде еріген материалды қырғыш көмегімен кетіріңіз. Егер керамикалық бет бірден тазаланбаса, бет суығаннан кейін кетіру мүмкін болмайтын қабат пайда болуы мүмкін.

## **Сервистік қызмет көрсету және қосалқы бөлшектер**

- Ақаулықтар пайда болған жағдайда. Ешқашан құрылғыны өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Білікті емес жөндеу зақымдарға және сәтсіз жағдайларға әкелуі мүмкін. Бірінші кезекте осы нұсқаулықтың мазмұнын қараңыз. Егер онда қажет ақпаратты таба алмасаңыз, ең жақын сервистік орталыққа хабарласыңыз. Бұл құрылғыға сервистік қызмет көрсетуді тек өкілетті техникалық сервистік орталықта орындау керек. Әрқашан түпнұсқалық бөлшектерді қолдануды талап етіңіз.

## **Құрылғыны утилизациялау**

- Құрылғы экологияға қауіпсіз материалдардан жасалған. Құрылғыны жаңасына ауыстыру туралы шешім қабылдағанда осы техника түрін утилизациялаумен айналысатын ұйымға хабарласыңыз.
- Қоршаған ортаны қорғауға өз үлесіңізді қосыңыз.

## МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР
2. БҰЙЫМНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ
3. ИНДУКЦИЯЛЫҚ ПАНЕЛЬДЕРДЕ ТАМАҚТЫ ӨЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ СӨЗ (PI-605 ҮШІН)
4. ТИІСТІ ЫДЫСТЫ ТАҢДАУ (PI-605 ҮШІН)
5. САТЫП АЛҒАН ИНДУКЦИЯЛЫҚ/ҚЫШ ПІСІРУ ПАНЕЛІН ПАЙДАЛАНУ
6. БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚҰРСАУЛАУ
7. АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ӨШІРУ (PE-605 ҮШІН)
8. ТАЙМЕРДІ ПАЙДАЛАНУ
9. ТАМАҚТЫ ӨЗІРЛЕУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР
10. ҚЫЗДЫРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТЕҢШЕУЛЕРІ
11. ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТУ
12. АҚЫЛ-КЕҢЕСТЕР
13. АҚАУЛАР ИНДИКАЦИЯСЫ МЕН ТЕКСЕРУ (PI-605 ҮШІН)
14. ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАҢДАНЫМ
15. ОРНАТУ
16. КЕПІЛДІК

## **1. ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР**

Сіздің қауіпсіздігіңіз біз үшін маңызды. Сатып алған пісіру панелін пайдаланар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысуыңыз керек.

### **1.1. Орнату**

#### **1.1.1. Электр тоғы соғу қаупі бар**

- Құрылғымен кез келген жұмыстарды жүргізер немесе оған техникалық қызмет көрсетер алдында оны электр қоректену желісінен ажыратыңыз.
- Сенімді сыммен жерлендіру жүйесіне қосу қажетті және міндетті болып табылады.
- Тұрмыстық электрлік сым жүйесін тек білікті электр маманы өзгертуі керек.
- Осы ережелер ұстанылмаса, электр тоғы соғуы немесе өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

#### **1.1.2. Кесіп алу қаупі**

- Абайлаңыз – панель шеттері өткір.
- Абайсыздықтан жарақаттар мен жаралар болуы мүмкін.

#### **1.1.3. Қауіпсіздік техникасының маңызды ережелері**

- Құрылғыны орнатар немесе пайдаланар алдында осы нұсқаулықтармен мұқият танысу керек.
- Құрылғыға ешқашан жанатын материалдарды немесе бұйымдарды салмаңыз.
- Осы ақпаратты құрылғыны орнатуға жауапты тұлғаға жеткізу керек, өйткені бұл орнату шығындарын азайтуы мүмкін.
- Қауіпті болдырмау үшін құрылғыны осы орнату бойынша нұсқаулықтарға сәйкес орнату керек.
- Құрылғыны тек жеткілікті біліктілігі бар тұлға орнатып, тиісті түрде жерлендіруі керек.
- Құрылғыны электр қоректену желісінен толық ажыратуын қамтамасыз ететін кіріспе өшіргіш орнатылған желіге қосу керек.
- Құрылғы дұрыс орнатылмаса, келілдік міндеттемелер қайтарылады.

### **1.2. Пайдалану және техникалық қызмет көрсету**

#### **1.2.1. Электр тоғы соғу қаупі бар**

- Тамақты сынған немесе жарылған пісіру панелінде әзірлеуге тыйым салынады. Егер пісіру панелінің беті сынса немесе жарықтары болса, панельді бірден электр қоректену желісінен (қабырғадағы ажыратпа-қосқыш) ажырату және білікті техникалық маманмен байланысу керек.
- Пісіру панелін тазалаудың немесе оған техникалық қызмет көрсетудің алдында оны қабырғадағы өшіргіштің көмегімен өшіру керек.
- Осы ережелер ұстанылмаса, электр тоғы соғуы немесе өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

### 1.2.2. Денсаулыққа келетін қауіп

- Құрылғы электрмагниттік қауіпсіздік бойынша стандарттарға сәйкес келеді.
- Алайда, жүрек жұмысының стимуляторы немесе басқа имплантацияланған электр аспаптары (мысалы, инсулин сорғыштары) бар тұлғалар құрылғыны пайдаланар алдында электрмагнит өрісі имплантацияланған аспапқа әсер етпейтіне көз жеткізуі үшін емдейтін дәрігерден немесе имплантацияланған аспап өндірушісінен кеңес алуы керек.
- Осы кеңес ұстанылмаса, өлім болуы мүмкін.

### 1.2.3. Ыстық беттің қауіпі

- Құрылғыны пайдаланған кезде оның қол жетімді бөліктері жеткілікті ыстық болып, күйдіруі мүмкін.
- Бет суығанша шыны бетке дене мүшелерін, киімді немесе асханалық ыдыстан басқа кез келген заттарды тигізбеу керек.
- Пышақ, шаңышқы, қасық пен кәстрөл қақпақтары сияқты металл заттарды пісіру панелі бетіне салмау керек, өйткені олар қызуы мүмкін.
- Балаларға құрылғыға жақындауға рұқсат бермеңіз.
- Кәстрөл құлақтары тигенде ыстық болуы мүмкін. Құлақтар басқа қосылып тұрған конфоркалардың үстінде болмағанына көз жеткізіңіз. Балаларды ыдыс құлақтарына жақындатпаңыз.
- Осы кеңес орындалмаса, күйіп қалуыңыз мүмкін.

### 1.2.4. Кесіп алу қауіпі

- Панельдің бет қырғышының жүзі ұстарадай өткір және қорғаныс қақпағы шешіліп, ашылады. Өте абайлап, оны ылғи қауіпсіз жерде және балалардан аулақ сақтаңыз.
- Абайсыздықта жарақаттануыңыз және кесіп алуыңыз мүмкін.

### 1.2.5. Қауіпсіздік техникасының маңызды ережелері

- Құрылғыны пайдаланғанда оны қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Тасығаннан түтін мен пісіру панелі бетінде май іздері пайда болады, олар жануы мүмкін.
- Құрылғыны жұмыс беті немесе сақтауға арналған бет ретінде пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғыда кез келген заттарды немесе асханалық керек-жарақты қалдыруға тыйым салынады.
- Құрылғының қасына ешқандай магниттелетін заттарды (мысалы, несие карталары, жады карталары) немесе электрондық құрылғыларды (мысалы, компьютер, MP3 ойнатқыштары) қоймаңыз және қалдырмаңыз, өйткені оларға электрмагнит өрісі әсер етуі мүмкін.
- Сатып алған құрылғыны бөлмені қыздыру немесе үнемі жылыту үшін пайдалануға тыйым салынады.

- Пайдаланған соң ылғи конфоркаларды және пісіру панелі өзін бұл нұсқаулықтағы сипаттамаға сәйкес өшіріңіз (яғни, сенсорлық басқару құралдарын пайдаланып). Асханалық ыдысты анықтау функциясы ыдысты алғанда конфоркаларды өшіретіне сенім артпау керек.
- Балаларға құрылғымен ойнауға немесе үстіне отыруға, тұруға немесе шығуға рұқсат етпеңіз.
- Құрылғы үстіндегі шкафтарда балалар қызық көретін заттарды сақтамаңыз. Балалар құрылғының үстіне шықса, жарақаттануы мүмкін.
- Құрылғы пайдаланатын жерде балаларды жалғыз немесе қараусыз қалдыруға тыйым салынады.
- Балалар және құрылғыны пайдалану мүмкіндігін азайтатын физикалық шектеулері бар тұлғаларға құрылғыны пайдалануға нұсқаулық беру үшін жауапты және құзыретті тұлға серік болуы керек. Нұсқаушы олар құрылғыны өздері немесе айналадағы кеңістік үшін қауіпсіз пайдалана алатынына көз жеткізуі тиіс.
- Бұл үшін нұсқаулықта арнайы кеңес берілмесе, құрылғының кез келген бөлшектерін жөндеуге немесе ауыстыруға тыйым салынады. Техникалық қызмет көрсетудің барлық басқа амалдарын білікті техникалық маман орындайды.
- Бу тазартқышын пісіру панелін тазалау үшін пайдалануға тыйым салынады.
- Ауыр заттарды пісіру панеліне қоюға және түсіруге тыйым салынады.
- Пісіру панелінде тұруға тыйым салынады.
- Кертіктері бар табаларды пайдалануға және табаларды шыны индукциялық бетте сүйреуге тыйым салынады, өйткені бұдан шыныда сызаттар қалуы мүмкін.
- Асханалық ыдысты тазалауға арналған металдық жөкелерді немесе кез келген басқа қатты абразивті тазалау құралдарын пісіру панелін тазалау үшін пайдалануға тыйым салынады, өйткені олар шыны индукциялық бетте сызат қалдыруы мүмкін.
- Қоректену бауы зақымданғанда өндіруші, оның сервистік агенті немесе басқа білікті тұлға қауіпті болдырмау үшін оны ауыстыруы керек.
- Құрылғы үйде және ұқсас қолдану түрлерінде пайдаланылуға арналған, мысалы: – цех, офис және басқа жұмыс жағдайында персоналдың асханалық орындары; – фермаларда; – қонақтар отельде, мотельде және тұрғын типіндегі басқа нысандарда; – «төсек және таңғы ас» типіндегі қонақ үйлерде.

**ЕСКЕРТПЕ:** Осы аспап және оның қол жеткізу үшін ашық бөліктері пайдалану кезінде қызады.

Қыздыру элементтеріне тимеу үшін абай болу керек.


8 жасқа дейінгі балалар үзіліссіз қадағалаусыз құрылғының қасында болмауы тиіс.

- Аспапты 8 жастан асқан балалар мен физикалық, қозғалу және ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдарға, сонымен қатар оны пайдалану үшін жеткілікті тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек бақыланып немесе аспапты пайдалануға үйретілген соң және оған байланысты қауіпті түсінген жағдайда пайдалануға болады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат етпеңіз. Балаларға тиісті қадағалаусыз электр аспабын тазалауға және техникалық қызмет көрсетуге тыйым салынады.
- **ЕСКЕРТПЕ:** Пісіру панелінде қараусыз май пайдаланып, тамақ өзірленсе, қауіп төнеді және өрт шығуы мүмкін. **Отты ЕШБІР ЖАҒДАЙДА** сумен сөндіруге тырыспаңыз! Құрылғыны өшіріңіз, одан кейін алауды мысал ретінде, қақпақпен немесе өртке қарсы киізбен жабыңыз.
- **ЕСКЕРТПЕ:** Өрт шығу қаупі: пісіру панелінде заттарды сақтамаңыз.

- Ескертпе: Егер бет жарылса, электр тоғын соқтырмау үшін құрылғыны қоректену желісінен ажыратыңыз; шыны-қыштан немесе кернеудегі бөлшектерді қорғайтын балама материалдан жасалған панель беттері үшін.
- Бу тазартқышын пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғы сыртқы таймердің немесе жеке қашықтан басқару жүйесі көмегімен пайдаланылуға арналмаған.


## 2. БҰЙЫМНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

### 2.1. Үстіңгі түрі



1. Ең үлкен аймақ, 2000 Вт (1800 Вт – PE-605 үшін)
2. Ең үлкен аймақ, 1500 Вт (1200 Вт – PE-605 үшін)
3. Ең үлкен аймақ, 1800 Вт
4. Шыны панель
5. Ең үлкен аймақ, 1500 Вт (1200 Вт – для PE-605)
6. Басқару панелі


## 2.2. Басқару панелі



1. Қыздыру аймақтарын таңдау түймешіктері
2. Түймешіктерді құрсаулау
3. «Минус» түймешігі
4. Таймерді басқару түймешігі
5. «Плюс» түймешігі
6. ҚОС./ӨШ. түймешігі

## 3. ИНДУКЦИЯЛЫҚ ПАНЕЛЬДЕРДЕ ТАМАҚТЫ ӨЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ СӨЗ (PI-605 ҮШІН)

Индукциялық панельдерде тамақты өзірлеу технологиясы қауіпсіз, прогрессивті, тиімді және үнемді. Технология шыны беті қызу есебінен жанама емес, электрмагнитті тербелістер есебінен ыдыстың іші қызатына негізделген. Шыны тек оны соңында ыдыс қыздыратының арқасында қызады.



металдық кәстрөл

магнитті контур


шыны-қыш панелі

индукциялық катушка

индукцияланған тоқтар

### 3.1. Сенсорлық басқару органдарын пайдалану

- Басқару органдары түрткенге жауап береді, сондықтан ешқандай күш салудың керегі жоқ.
- Саусақ ұшын емес, жұмсақ жерін пайдаланыңыз.
- Түрту тиянақталған сайын тоналды дыбыс сигналын естисіз.
- Басқару органдары ылғи таза және құрғақ болғанын және оларды қандай да бір бөтен заттар жаппағанын байқаңыз (мысалы асханалық керек-жарақ немесе мата). Тіпті су үлдірі басқару органдары жұмысын қиындатуы мүмкін.





#### 4. ТИІСТІ ЫДЫСТЫ ТАҢДАУ (PI-605 ҮШІН)


- Тек түбі тамақты индукциялық пісіру беттерінде әзірлеуге жарамды ыдысты пайдаланыңыз. Ыдыс орамында немесе түбінде индукциялық панельдерде қолдану мүмкіндігін білдіретін белгіні іздеңіз.
- Ыдыстың индукциялық панельдерде пайдалануға жарамды екенін магнитпен сынап, анықтай аласыз. Магнитті ыдыс негізіне қарай жылжытыңыз.
- Егер магнит жабысса, ыдыс индукциялық панельдерде пайдаланылуға жарамды.
- Егер сізде магнит болмаса:
  1. Тексергіңіз келетін ыдысқа біраз су құйыңыз.
  2. «Тамақты әзірлей бастау» тарауының қадамдық нұсқауларын ұстаныңыз.
  3. Егер дисплей жыпылықтамай, су қызса, ыдыс жарайды.
- Келесі материалдардан жасалған ыдыс пайдалануға жарамсыз: таза тот баспайтын болат, алюминий немесе магнит негізі жоқ мыс, шыны, ағаш, фарфор, қыш және балшық ыдыс.

Пісіру бетінің өлшемі (мм)	Пісіру бетінің ең кіші өлшемі (диаметр мм)
160	120
180	140
210	160
280	220

Түбінде кертіктері бар немесе негізі майысқан ыдысты пайдаланбаңыз.



Ыдыс түбі тегіс, шыныға тығыз жататына және өлшемі пісіру аймағына сәйкес келетіне көз жеткізіңіз. Диаметрі өлшемі бойынша таңдалған аймақтың графикалық белгіленген шекарасына сәйкес келетін ыдысты пайдаланыңыз. Біраз кеңірек ыдыс пайдаланылғанда энергия ең үлкен тиімділікпен шығатын болады. Тамақты әзірлеу аймақтарына қарағанда өлшемі кіші ыдыс пайдаланылғанда тиімділік күтілгенінен аз болуы мүмкін. Түп диаметрі 140 мм аз ыдысты пісіру панелі көрмеуі мүмкін. Ыдысты ылғи пісіру аймағы ортасына орналастырыңыз.



Ыдысты индукциялық пісіру панелінен ылғи жоғары көтеріңіз – түбін панель бетінен тайғанатпаңыз, өйткені шыныда сызат қалуы мүмкін.



## 5. САТЫП АЛҒАН ИНДУКЦИЯЛЫҚ/ҚЫШ ПІСІРУ ПАНЕЛІН ПАЙДАЛАНУ


### 5.1. Тамақта әзірлей бастау

1. ҚОС/ӨШ түймешігін түртіңіз. Қоректену қосылған соң дыбыс сигналы бір рет шығады, барлық дисплейде қыш/индукциялық пісіру панелі күту режиміне ауысқанын көрсетіп, “ – ” немесе “ – – ” шығады.



2. Жарамды ыдысты пайдаланғыңыз келген пісіру аймағына қойыңыз.

- Ыдыс түбі мен пісіру аймағының беті таза және құрғақ болғанына көз жеткізіңіз.




3. Қыздыру аймағын таңдауды басқару түймешігін түртіңіз, түймешік қасындағы индикатор жыпылықтай бастайды.



4. – немесе + басқару түймешігін басып, қыздыру теңшелімін таңдаңыз.

- Егер қыздыру мәнін 1 минут ішінде орнатпасаңыз, индукциялық пісіру панелі автоматты түрде өшеді. Бұл жағдайда 1 қадамнан қайта бастауға тура келеді.
- Қыздыру өлшемін тамақты әзірлеу барысында кез келген кезде өзгерте аласыз.



### 5.2. Егер дисплей жыпылықтаса (PI-605 үшін)



қыздыру теңшелімімен кезектесіп

Бұл келесіні білдіреді:

- ыдысты таңдалған пісіру аймағына қоймадыңыз немесе
- сіз пайдаланып жатқан ыдыс индукциялық пісіру панеліне келмейді, немесе
- ыдыс пісіру аймағы үшін өте кішкентай немесе ортасына орнатылмаған.

Пісіру панеліне жарамды ыдыс қойылғанша қызбайды.


Егер пісіру бетіне жарамды ыдыс орнатылмаса, дисплей 1 минуттан соң автоматты түрде өшеді.

### 5.3. Әзірлеу аяқталысымен

1. Өшіргіңіз келген қыздыру аймағын басқару түймешігін түртіңіз.



2. «0» дейін жылжытып немесе «-» және «+» бірге түртіп, пісіру аймағын өшіріңіз. Дисплей «0» көрсеткеніне көз жеткізіңіз.




3. ҚОС/ӨШ түймешігін түртіп, бүкіл пісіру панелін өшіріңіз.



4. Ыстық беттерге тиюден сақтаныңыз.

Жанып тұрған «Н» әрпі тию үшін ыстық аймақты білдіреді. Ол бет қауіпсіз температураға дейін суыған соң өшеді. Осы функцияны энергияны сақтау мақсатында қолдануға болады – егер басқа ыдысты қыздырғыңыз келсе, әлі суымаған аймақтарды пайдаланыңыз.



## 6. БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚҰРСАУЛАУ

- Байқаусыз пайдалануды болдырмау үшін (мысалы, балалар пісіру аймақтарын кездейсоқ қосуы мүмкін) басқару түймешіктерін құрсаулай аласыз.
- Басқару түймешіктерін құрсаулағанда ҚОС/ӨШ түймешігінен басқа, барлық түймешіктер өшеді.

### 6.1. Басқару түймешіктерін құрсаулау үшін

Құрсаулау түймешігін түртіңіз. Таймер индикаторы «Lo»көрсете бастайды.

### 6.2. Басқару түймешіктерін құрсаудан шығару үшін

1. Индукциялық пісіру панелі қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Құрсаулау түймешігін түртіңіз және біраз уақыт басып ұстаңыз.
3. Енді индукциялық пісіру панелін қайта пайдалана аласыз.

Пісіру панелі құрсаулау режимінде тұрғанда, ҚОС/ӨШ түймешігінен басқа барлық түймешіктер өшіп тұрғанда панельді апаттық жағдайда ылғи ҚОС/ӨШ түймешігі көмегімен өшіруге болады, бірақ келесі амал үшін алдымен панельді құрсаудан шығару керек.

### 6.3. Қалған қызу туралы ескертпе (PE-605 үшін)

Егер плита біраз уақыт жұмыс істесе, онда біраз қалдық жылу туындайды ра. Бұл туралы “Н” белгісі хабарлайды.

## 7. АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ӨШІРУ (PE-605 ҮШІН)

Пісіру панелінің тағы бір қорғаныс функциясы автоматты түрде өшу болып табылады. Ол сіз конфорканы өшіруді ұмытқан сайын іске қосылады. Өдепкі өшіру уақыты төменгі кестеде көрсетілген.

Қуат деңгейі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жұмыс уақытының стандартты шектелуі (сағат)	8	8	8	4	4	4	2	2	2

### 7.1. Қызып кетуден қорғаныс (PI-605 үшін)

Кіріктірме температура қадағасы индукциялық пісіру панелі ішіндегі температураны бақылай алады. Артық температура анықталғанда индукциялық пісіру панелінің жұмысы автоматты түрде тоқтайды.

### 7.2. Кішкентай заттарды анықтау (PI-605 үшін)

Егер плитада өлшемі тиісті емес ыдыс немесе магнитті емес ыдыс (мысалы алюминийден жасалған) немесе басқа кішкентай заттар (мысалы, пышақ, шаңышқы, кілт) қалса, пісіру беті автоматты түрде 1 минут ішінде күту режиміне ауысады.

### 7.3. Автоматты түрде қорғаныс өшу (PI-605 үшін)

Автоматты өшу индукциялық пісіру панеліңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қорғаныс функциясы болып табылады. Егер сіз қашан да оны өшіруді ұмытсаңыз, ол автоматты түрде өшеді. Өртүрлі қуат деңгейлері үшін стандартты жұмыс уақыты төменгі кестеде көрсетілген:

Қуат деңгейі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жұмыс уақытының стандартты шектелуі (сағат)	8	8	8	4	4	4	2	2	2

Ыдыс алынғанда индукциялық пісіру панелі бірден қыздыруды тоқтатады және 2 минуттан соң автоматты түрде өшеді.

**Кардиостимуляторлары бар тұлғалар индукциялық пісіру панелін пайдалана бастаудың алдында дәрігермен ақылдасу керек.**

## 8. ТАЙМЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Таймерді екі өртүрлі әдіспен пайдалана аласыз:

- керісінше есептеу таймері ретінде. Бұл жағдайда орнатылған уақыт өткенде таймер бір де қыздыру аймағын өшірмейді.
- тапсырылған уақыт өткен соң пісіру аймақтарын өшіретін таймер ретінде.
- Таймерде 99 минутқа дейін кез келген уақытты орнатуға болады.

### 8.1. Керісінше есептеу таймерін пайдалану

Егер бір де пісіру аймағын таңдамасаңыз

1. Пісіру панелі қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз б.

Ескерту: керісінше есептеу таймерін бір де пісіру аймағы таңдалмаса да пайдалануға болады.

2. Таймерді басқару түймешігін түртіңіз. Дисплейге «10» мәні шығады. Бұл кезде «0» жыпылықтайды.



3. «-» немесе «+» түймешігін түртіп, уақыт мәнін орнатыңыз, мысалы, 5.



4. Таймерді басқару түймешігін қайта түртіңіз, «1» жыпылықтайды.



5. «-» немесе «+» түймешігін түртіп, уақытты орнатыңыз, мысалы, 9. Енді таймер 95 минутқа орнатылған.



6. Уақыт тапсырылған соң керісінше уақыт есебі бірден басталады. Дисплейге қалған уақыт шығады.

7. Тапсырылған уақыт өткен соң 30 секунд ішінде дыбыс сигналы естіледі және таймер индикаторы «--» көрсетеді.



## 8.2. Таймерді бір немесе бірнеше пісіру аймағын өшіруге теңшеу

Егер таймер бір аймақ үшін орнатылса:

1. Таймерді орнатқыңыз келген қыздыру аймағын таңдауды басқару түймешігін түртіңіз.



2. Таймерді басқару түймешігін түртіңіз. Дисплейге «10» мәні шығады. Бұл кезде «0» жыпылықтайды.



3. «-» немесе «+» түймешігін түртіп, уақыт мәнін орнатыңыз мысалы, 5.




4. Снова коснитесь кнопки управления таймером, и замигает "1".

5. «-» немесе «+» түймешігін түртіп, уақытты орнатыңыз, мысалы, 9. Енді таймер 95 минутқа орнатылған.



6. Уақыт тапсырылған соң бірден керісінше уақыт есебі басталады. Дисплейге қалған уақыт шығады.

ЕСКЕРТУ: Қуат деңгейінің көрсеткіші қасына қызыл нүкте бұл аймақ таңдалғанын көрсетіп, жанады.



7. Өзірлеу уақыты өткен соң тиісті пісіру аймағы автоматты түрде өшеді. Басқа пісіру аймақтары бұрын қосылса, жұмысын жалғастырады.



### Егер таймер бірнеше аймақ үшін орнатылса:

1. Егер бірнеше пісіру аймағы үшін уақытты бірге орнатсаңыз, тиісті аймақтардың қуат көрсеткіштері қасында нүктелер жанады. Индикаторда ең аз таймер үшін мән көрсетіледі. Тиісті аймақ нүктесі жыпылықтайды.



(15 минутқа орнатылған)

(45 минутқа орнатылған)

2. Керісінше есептеу уақыты өткен соң тиісті аймақ өшеді. Бұдан кейін жаңа ең аз таймердің мәні көрсетіледі және тиісті аймақ нүктесі жыпылықтай бастайды.



Қыздыру аймағын таңдау түймешігін түртіңіз және таймер индикаторы тиісті аймақ үшін мәнді көрсетеді.

### 8.3. Таймерді өшіру

1. Таймерді түсіргіңіз келген қыздыру аймағын таңдау түймешігін түртіңіз.



2. Таймерді басқару түймешігі түртілген соң индикатор жыпылықтай бастайды.



3. Нажмите кнопку «-» и установите таймер на «00». Таймер отключится.

## 9. ТАМАҚТЫ ӨЗІРЛЕУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

### 9.1. Тамақты әзірлеу бойынша кеңестер

- Өзірленіп жатқан тамақ қайнай бастағанда температура мәнін азайтыңыз.
- Ыдыс қақпақпен жабылса, әзірлеу уақытын азайтуға, сонымен қатар энергияны үнемдеуге мүмкіндік болады.
- Өзірлеу уақытын азайту үшін сұйықтық пен май көлемін азайтыңыз.
- Тамақты жоғары қуат мәндерінде әзірлей бастаңыз және тамақ қызғанда бұл мәндерді азайтыңыз.

#### 9.1.1. Баяу отта қайнау, күрішті әзірлеу

- Баяу отта қайнау шамамен 85°C температурасында қайнау нүктесінен төмен болады, бұл кезде көпіршіктер уақыт өте келе жай ғана сұйықтық бетіне көтеріледі. Бұл жұмсақ көжелер мен бұқтырылған тағамдар әзірлеу үшін негізгі шарт болып табылады, өйткені дәм мен иіс тек тамақ қызбаған кезде ғана түзіледі. Жұмыртқа негізіндегі және ұннан жасалған қойылтқыштары бар тұздықтарды қайнау нүктесінен төмен әзірлеген жөн.
- Сіңіру әдісімен күріш пісірумен қатар, кейбір тағамдарды әзірлеу үшін кеңес берілген уақыт ішінде тағамның дұрыс әзірленуіне кепілдік беру үшін аздан гөрі анағұрлым жоғары мәндер орнату қажет болуы мүмкін.

#### 9.1.2. Стейктер қуыру

Дәмді әрі сәлді стейк әзірлеу үшін бұлай істеніз:

1. Етті әзірлеу басталғанша шамамен 20 минутқа бөлме температурасында қалдырыңыз.
2. Түбі ауыр табаны қыздырыңыз.
3. Стейктің екі жағына май жағыңыз. Қызған табаға біраз май тамызып, содан кейін табаға ет салыңыз.
4. Әзірлеу кезінде стейкті бір рет қана аударыңыз. Нақты әзірлеу уақыты стейк қалыңдығы мен оның қуырылу дәрежесіне байланысты болады. Бұл уақыт әр жаққа 2-ден 8 минутқа дейінгі шектерде өзгеруі мүмкін. Стейктің дайын болу дәрежесін тексеру үшін оны басып көріңіз – неғұрлым қатты қуырылса, соғұрлым қатты көрінетін болады.
5. Стейкті қыздырылған табақта біраз тындырып, дастарханға қояр алдында жұмсаруы үшін бірнеше минутқа қойып қойыңыз.

#### 9.1.3. Ұдайы араластыру арқылы тез қуыру үшін

1. Индукциялық немесе қыш панелде қолдануға жарамды, түбі жайпақ қазан немесе үлкен таба таңдаңыз.
2. Алдын ала барлық құрамдастар мен жабдықты дайындап қойыңыз. Ылғи араластырып отыру қуыру тез жасалуы тиіс. Көп тамақ әзірлегенде тамақты бірнеше аз үлестермен жасаңыз.
3. Ыдысты алдын ала ысытып, оған екі ас қасық май қосыңыз.
4. Алдымен кез келген етті әзірлеп, қойып қойыңыз, жылы күйінде сақтаңыз.
5. Көкөністерді ылғи араластырып отырып, тез қуырып алыңыз. Олар ыстық, бірақ әлі қытырлап тұрғанда пісіру аймағының қуатын азайтып, етті қайта ыдысқа салыңыз да, тұздық қосыңыз.

6. Құрамдастар толық қызуы үшін ақырын араластырыңыз.
7. Дастарханға дереу қойыңыз.

## 10. ҚЫЗДЫРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТЕҢШЕУЛЕРІ

Төменде келтірілген теңшеулер тек кеңес ретінде берілген. Нақты теңшеулер қолданылатын ыдыс пен тамақ әзірлеу көлемдері сияқты бірнеше факторларға байланысты болады. Сізге жақсы келетін теңшеулерді анықтау үшін индукциялық/қыш пісіру панелімен тәжірибе жасап көріңіз.

Қыздыру деңгейін орнату	Жарамдылық
1 - 2	<ul style="list-style-type: none"> <li>• кішігірім тамақ көлемін абайлап қыздыру</li> <li>• шоколад, май және басқа тез жанып кететін тамақ өнімдерін балқыту</li> <li>• баяу отта ақырын қайнату</li> <li>• баяу ысыту</li> </ul>
3 - 4	<ul style="list-style-type: none"> <li>• қайтара ысыту</li> <li>• баяу отта қатты қайнату</li> <li>• күріш әзірлеу</li> </ul>
5 - 6	<ul style="list-style-type: none"> <li>• құймақтар қуыру</li> </ul>
7 - 8	<ul style="list-style-type: none"> <li>• пассерлеу</li> <li>• макарон әзірлеу</li> </ul>
9	<ul style="list-style-type: none"> <li>• араластыру арқылы тез қуыру</li> <li>• қуыру</li> <li>• көжелерді бір қайнатып алу</li> <li>• су қайнату</li> </ul>

## 11. ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТУ

Не?	Қалай?	Маңызды ақпарат!
Шынының күнделікті ластанулары (саусақ іздері, таңбалары, тамақтан қалған дақтар мен шыныға төгілген қантсыз сұйықтықтар)	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Пісіру панелінің электр қоректендіруін өшіріңіз.</li> <li>2. Шыны жылы боп тұрғанда пісіру панелдеріне арналған тазартқыш себіңіз (бірақ ыстық болмасын!)</li> <li>3. Шайып, таза мата немесе қағаз сүлгімен құрғатып сүртіңіз.</li> <li>4. Пісіру панелінің электр қоректендіруін қайта қосыңыз.</li> </ol>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоректендіру өшіп тұрғанда «ыстық бет» индикациясы болмайды, бірақ пісіру аймақтары ыстық болуы мүмкін! Аса сақ болыңыз.</li> <li>• Қатты ласқа арналған жөкелер, кейбір нейлон жөкелер мен қатты / абразивті тазалау құралдары шынын тырнауы мүмкін. Тазалау құралы немесе жқкені қолдануға болатынын анықтау үшін жапсырмалардағы жазбаларды ылғи оқып отырыңыз.</li> <li>• Пісіру панелінде ешқашан тазалау құралының қалдықтарын тастамаңыз: олар шыныда іздер қалдыруы мүмкін.</li> </ul>



<p>Шыныда тасу, балқу және ыстық қантты ыстық сұйықтықтар тегілу іздері.</p>	<p>Оларды индукциялық немесе қыш пісіру панелдерінде қолдануға жарамды балық аударуға арналған қалақшалар, шпатель немесе қырғыш көмегімен дереу алып тастаңыз, бұл ретте ыстық пісіру аймақта абайлап жұмыс істеңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Пісіру панелінің электр қоректендіруін қабырға өшіргішімен өшіріңіз.</li> <li>2. Қырғыш немесе басқа құралды 30 градус бұрышымен ұстап тұрып, суыған пісіру аймағына тегілген су немесе ластану іздерін қырып алып тастаңыз.</li> <li>3. Ас үй орамалы немесе қағаз сүлгімен лас немесе тегілген суды сүртіп алыңыз.</li> <li>4. Жоғарыда сипатталған «Шынының күнделікті ластанулары» жою үшін 2 мен 4 арасындағы әрекеттерді орындаңыз.</li> </ol>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Балқыған азық-түлік пен қантты тамақтар мен сұйықтықтардан түзілетін дақтарды тезірек алып тастап отырыңыз.</li> <li>Егер дақтарды шыныда қалдырып қойсаңыз, оларды кетіру өте қиын болады, тіпті шыны бетінде мәңгіге қалып қоюы мүмкін.</li> <li>• Кесіп алу қаупі: қорғаныс қабатын алып тастағанда қырғыштың жүзі өткірлене түседі. Оны аса сақтықпен қолданыңыз және ылғи балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.</li> </ul>
<p>Сенсорлық түймешіктерге сұйықтықтың тегілуі</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Пісіру панелінің электр қоректендіруін өшіріңіз.</li> <li>2. Тегілген сұйықтықты келтіріп сорғытып алыңыз.</li> <li>3. Басқару түймешіктерінің аумағын таза дымқыл губка немесе матамен сүртіп шығыңыз.</li> <li>4. Басқару түймешіктерінің аумағын қағаз сүлгімен сүртіңіз.</li> <li>5. Пісіру панелінің электр қоректендіруін қайта қосыңыз.</li> </ol>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Пісіру панелі үстінде сұйықтық тұрғанша дыбыс сигналын беріп, өшіп қалуы, ал басқару түймешіктері жұмыс істемеуі мүмкін.</li> <li>Пісіру панелін қайта қосар алдында сенсорлық басқару түймешіктерінің құрғатып сүртілгеніне көз жеткізіңіз.</li> </ul>

## 12. АҚЫЛ-КЕҢЕСТЕР

Қиындық	Ықтимал себептер	Шешімі
Пісіру панелі қосылмайды.	Қоректендіру жоқ.	Пісіру панелінің қоректендіру көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сіздің үйіңізде немесе ауданда электр тоғының бар-жоғын тексеріңіз. Егер сіз бәрін тексеріп, қиындық сақтала берсе, білікті техникалық маманды шақырыңыз.
Сенсорлық басқару түймешіктері жанасқанда қозғалмайды.	Басқару түймешіктері құрсауланған.	Басқару түймешіктерін құрсаудан шығарыңыз. «Пісіру панелін қолдану» тарауындағы нұсқауларды қараңыз.
Сенсорлық басқару түймешіктері дұрыс жұмыс істемейді.	Басқару түймешіктерінде судың жұқа қабаты болуы мүмкін немесе сіз саусақ ұштарымен түймешіктерге жанасып тұрсыз.	

Шыны сызылған.	Шеттері тегіс емес ыдыс. Жарамайтын қатты жеке немесе жарамайтын тазалау құралы қолданылуда.	Түбі тегіс ыдысты қолданыңыз. «Тиісті ыдысты таңдау» қар. «Күту және тазалау» тарауын қар.
Кейбір ыдыс сыртылдап, тарсылдайды.	Бұл сіздің ыдысыңыздың құрылымының ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін (түрлі металдар қабаттары әртүрлі дірілдейді).	Бұл ыдыс үшін қалыпты жайт және ақауды білдірмейді.
Индукциялық пісіру панелі жоғары кернеуде қызатын қондырғыларда қолданғанда гуілдеген дыбыс шығарады (PI-605 үшін).	Бұл тамақты индукциялық әзірлеу технологиясымен түсіндіріледі.	Бұл қалыпты жайт, бірақ сіз қызуды азайтқанда дыбыс жоғалуы немесе азаюы тиіс.
Пісіру панелінен желдеткіш жұмысының дыбысы шығады.	Пісіру панеліне кіріктірілген суыту желдеткіші электрониканың қызуының алдын алу үшін іске қосылды. Ол тіпті пісіру панелі өшкен соң да жұмысын жалғастыра алады.	Бұл қалыпты жайт, және ешқандай әрекеттерді қажет етпейді. Желдеткіш жұмысы кезінде пісіру панелінің қорегін қабырға өшіргішпен өшірмеңіз.
Ыдыс қызбайды, ал дисплейде пайда болады (PI-605 үшін).	Индукциялық пісіру панелі ыдыстың барын анықтай алмайды, өйткені ол индукциялық тамақ әзірлеуге жарамайды.  Индукциялық пісіру панелі ыдыстың барын анықтай алмайды, өйткені ол пісіру аймағы үшін тым аз немесе аймақ ортасына орнатылмаған.	Индукциялық тамақ пісіруге жарайтын ыдыс қолданыңыз. «Тиісті ыдысты таңдауды» қараңыз.  Ыдысты ортаға орнатып, оның негізі пісіру аймағының өлшеміне сәйкес екеніне көз жекізіңіз.
Пісіру панелі немесе пісіру аймағын кенеттен өздігінен өшіп қалды, дыбыстық сигнал шығып, қате коды пайда болды (әдетте ол әзірлеу таймерінің дисплейінде бір-бірін алмастыратын бір немесе екі сан).	Техникалық ақау.	Қате кодының сандары мен әріптерін жазып алыңыз, пісіру панелінің қоректенліруін қабырға өшіргішімен жазып алыңыз да, білікті техникалық маманға жолығыңыз.

### 13. АҚАУЛАР ИНДИКАЦИЯСЫ МЕН ТЕКСЕРУ (PI-605 ҮШІН)

Қалыпты жұмыс режимі бұзылған жағдайда пісіру панелі автоматты түрде қорғаныс режиміне ауыстырылып, дисплейге келесі қорғаныс кодтарын шығаратын болады:

Қиындық	Ықтимал себептер	Шешімі
E4/E5	Температура қадағасының ақауы	Жеткізушіге жолығыңыз.
E7/E8	БТИЗ температура қадағасының ақауы (Ысырмасы оқшауланған биполярлық транзистор).	Жеткізушіге жолығыңыз.
E2/E3	Қоректендірудің қате кернеуі	Электр қоректендіру қалыпта екенін тексеру үшін құрылғыны қарап шығыңыз. Электр қоректендіру параметрлерін қалпына келтірген соң панельді қосыңыз.
E6/E9	Индукциялық пісіру панелінің жылуды дұрыс шығармауы	Индукциялық пісіру панелін суытқан соң құрылғыны қайта іске қосыңыз.

Жоғарыда жалпы ақауларды инспекциялау сипаттамасы мен талқылау келтірілген.

Индукциялық пісіру панелінің ақаулары мен зақымдары туындамау үшін өздігінен құрылғыны ашуға тыйым салынады.

## 14. ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАНЫМ

Пісіру панелі	PI-605 / PE-605
Пісіру аймақтары	4 аймақ
Қоректендіру кернеуі	220–240 В
Орнатылған электр қуаты	6800 Вт / 6000 Вт
Бұйым өлшемдері Т x Е x Б (мм)	590 × 520 × 60 / 590 × 520 × 50
Кіріктіруге арналған өлшемдер А × В (мм)	560×490

Салмақ пен өлшемдер шамалас болып табылады. Біз өз өнімімізді үнемі жақсартуға тырысатындықтан, дизайн мен сипаттамалар алдын ала хабарлаусыз өзгеруі мүмкін.


## 15. ОРНАТУ

### 15.1. Монтаждау үшін жабдықты таңдау

Үстелдің үстіңгі тақтайында сызбада көрсетілген өлшемге сәйкес кесінді жасаңыз.

Пісіру панелін дұрыс орнату және пайдалану үшін саңылау шеттері мен үстіңгі тақтай шеттері арасындағы арақашықтық кем дегенде 5 см болуы тиіс.

Үстелдің үстіңгі тақтайының қалыңдығы кем дегенде 30 мм құрайды. Плита бетінен шыққан жылудан болатын үлкен өзгерістердің алдын алу үшін үстіңгі тақтайды ыстыққа төзімді материалдан таңдауыңызды өтінеміз. Төменде көрсетілгендей:




Seal — Тығыздау

Модель	Д (мм)	Е (мм)	Б (мм)	Т (мм)	А (мм)	Б (мм)	Х (мм)
PI-605	590	520	60	56	560	490	мин. 50
PE-605	590	520	55	51	560	490	мин. 50

Кез келген жағдайларда индукциялық пісіру панелінің тиісті желдетілуін қамтамасыз ету керек, ал кіргізіп-шығаратын ауа саңылауларын ашық ұстау керек. Индукциялық пісіру панелінің жақсы жұмыс күйінде екеніне көз жеткізіңіз. Төменде көрсетілгендей

Ескерту: Плита беті мен плита үстіндегі аспалы шкаф арасындағы қашықтық 760 мм аз болмауы тиіс.



А (мм)	Б (мм)	С (мм)	D	E
760	мин. 50	мин. 20	Ауа алу	Ауаны шығару 5 мм

## 15.2. Пісіру панелін орнатар алдында келесіге көз жеткізіңіз

- жұмыс беті тікбұрышты түрге ие және ол деңгей бойынша тегістелген, ал оның құрылымдық құрамдастары еркін кеңістікке қойылатын талаптарды бұзбайды
- жұмыс беті ыстыққа төзімді материалдан жасалған.
- егер пісіру панелі пеш шкафының үстіне орнатылса, духовканың кіріктірілген суыту желдету болуы тиіс.
- орнату барлық габариттік талаптар мен қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес болуы тиіс.
- электр қоректендіру желісінен толық өшіруді қамтамасыз ететін тиісті оқшаулағыш өшіргіш тұрақты электр өткізгішке кіріктіріліп, монтаждalған және электр өткізгішті монтаждаудың желгілікті нормалары және ережелеріне сәйкес орнатылған.
- Оқшаулағыш ауыстырып-қосқыш бекітілген типте болуы және барлық полюстерде (өткізгіш қосылыстарды орындаудың жергілікті ережелері осындай талап нұсқасына рұқсат етсе, барлық белсенді (фазалық) өткізгіштерде) 3 мм түйісуді бөлетін ауа саңылауын қамтамасыз етуі тиіс.
- орнатылған пісіру панелі қолданушының оқшаулағыш ауыстырып-қосқышқа тез қол жеткізуіне кедергі болмайды.
- орнату барысында күмәндар пайда болған жағдайда құрылысты қадағалау және нормативтік құжаттар бойынша жергілікті органдарға жолығу қажет.
- пісіру панелінің қабырғаларында ыстыққа төзімді және тазалауда қарапайым материалдар қолдануға кеңес беріледі (мыс., қыш тақтай).

## 15.3. Сіз пісіру панелін орнатқан соң келесіге көз жеткізіңіз

- қоректендіру кабеліне шкафтар немесе жәшіктердің есіктері арқылы қатынас жоқ
- панелдің негізінде шкафтардың сырт жағынан таза ауа жетерліктей келіп тұр
- егер тартпалы жәшік немесе аспалы шкаф кеңістігі үстінде орнатылса, панель негізі астында жылудан қорғаныс кедергі орнатылуы тиіс
- өшіргіш қолданушыға ыңғайлы жерде орналасқан

## 15.4. Бекітпе кронштейндерді орналастырар алдында


Құрылғы тұрақты, тегіс бетте орнатылуы тиіс (қаптаманы қолданыңыз). Пісіру панелінен шығып тұрған басқару элементтеріне күш түсірмеңіз.

## 15.5. Бекітпе кронштейндерді орналастыру (PE-605 үшін)

Құрылғы тұрақты, тегіс бетте орнатылуы тиіс (қаптаманы қолданыңыз). Пісіру панелінен шығып тұрған басқару элементтеріне күш түсірмеңіз.

Пісіру панелін орнатқан соң оны плитаның төменгі жағына бұрандалармен бекітілетін төрт кронштейн көмегімен үстіңгі тақтайға бекітіңіз (суретті қар.).



Түрлі қалыңдықтағы үстіңгі тақтайларға келтіру үшін кронштейн күйін реттеңіз.



### 15.6. Кронштейн күйлерін реттеу (PI-605 үшін)

Пісіру панелін орнатқан соң оны үстіңгі тақтайға плитаның төмен жағына бұралған екі сынаның көмегімен бекітіңіз (суретті қар.).

Түрлі қалыңдықтағы үстіңгі тақтайларға келтіру үшін сыналар орнын реттеңіз.



### 15.7. Ескертулер

1. Индукциялық/қыш пісіру панелін тек білікті персонал немесе техникалық маман орнатуы тиіс. Біздің сатып алушыларымызға қызмет көрсететін кәсіби қызметкерлеріміз бар. Бұл жұмысты ешбір жағдайда өзіңіз жасамауыңызды өтінеміз.

2. Пісіру панелін тура ыдыс жуатын машина, тоңазытқыш, мұздатқыш, кір жуатын машина немесе киім кептіргіштің үстіне орнатпаңыз, өйткені ылғал панель электроникасын бүлдіруі мүмкін.
3. Индукциялық/қыш пісіру панелін оның сенімділігін арттыру үшін жылудың жақсы шығуын қамтамасыз ететіндей орнату қажет.
4. Үстіңгі тақтайдағы қабырға мен индукциялық қызу аймақтары жоғары температураға шыдауы тиіс.
5. Бүлінбеу үшін төсемелері бар қабат пен жабыстырғыш зат жоғары температураларға төзімді болуы тиіс.
6. Бумен тазартқышты қолдануға тыйым салынады.
7. Қыш панельді толық қарсылығы 0,427 Ом аспайтын қоректендіру көзіне қосуға болады. Қажет болса жүйенің толық қарсылығының нақты көлемдері бойынша жеткізушімен кеңесіңіз (тек PE-605 қатысты).

### 15.8. Пісіру панелін электр қоректендіру желісіне қосу

**Бұл пісіру панелін электр қоректендіру желісіне тек тиісті біліктілігі бар маман ғана қосуы тиіс.**

Пісіру панелін электр қоректендіру желісіне қосар алдында келесіні тексеріңіз:


1. Электр өткізгіштің үй жүйесі пісіру панелі тұтынатын қуатқа жарайды.
2. Кернеу төлқұжат кетесінде көрсетілген мәнге сәйкес келеді.
3. Электр қоректендіру беретін кабелдердің кесінділері төлқұжат кетесінде көрсетілген күшке төтеп беруге қабілетті.

Пісіру панелін электр қоректендіру желісіне қосу үшін ауыстырып-қосқыштар, түрлендіргіштер мен таратқыш құрылғылар қолдануға тыйым салынады, өйткені олар қыздыруы мен өрт шығаруы мүмкін.

Электр қоректендіру кабелі кез келген ыстық бөліктерге жанаспауы тиіс және оның кез келген нүктедегі температурасы 75°С-ден аспайтындай орнатылуы тиіс.

**Электр маманымен бірге үй электр өткізгішін өзгеріс енгізбестен қолдануға жарамдылығын тексеріңіз. Кез келген өзгерістерді тек білікті электр маманы ғана орындауы тиіс.**

Электр қоректендіру бірполюсті өшіргіш қолдану арқылы қолданыстағы стандартқа сәйкес қосылуы тиіс. Қосу тәсілі төменде көрсетілген:



- Егер кабель бүлінген болса, немесе оны ауыстыру қажет болса, жұмыстарды делдал жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін арнайы құралдармен жүзеге асырған соңғы әрекеттер үшін орындайды.
- Егер құрылғы тікелей желіге қосылса, түйіспелер арасында ашылуы кем дегенде 3 мм тізбек қорғанысының омниполярлы автоматы орнатылады.
- Орнатуды орындайтын тұлға қауіпсіздік техникасына сәйкес келетін дұрыс электрлік қосылысты жүзеге асырады.
- Кабель майыспауы немесе қысылмауы тиіс.
- Кабельді тек уәкілетті техникалық мамандар ғана ұдайы тексеріп, ауыстырып тұруы тиіс.



**ПАЙДАҒА АСЫРУ:** Бұл бұйымды сұрыпталмаған тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға тыйым салынады. Арнайы өңдеу үшін осындай қалдықтарды бөлек жинау қажет.

Бұл құрылғының Электронды және электр жабдықтаманы (WEEE) пайдаға асыру бойынша Еуропалық директива 2002/96/ЕО талаптарына сәйкестік таңбасы бар. Бұл құрылғының дұрыс пайдаға асырылуының арқасында кері жағдайда тиісті пайдаға асырылмаса, қоршаған орта мен адам денсаулығына зиян келуінің алды алынады.

Бұйымдағы таңбалау бұл аспапты тұрмыстық қалдықтар ретінде пайдаға асыруға тыйым салынатынын білдіреді. Аспапты электрлік және электрондық бұйымдарды қайта өңдеуге қабылдау торабына жіберу қажет.

Бұл құрылғы арнайы пайдаға асыруды талап етеді. Бұл бұйымға қызмет көрсету, пайдаға асыру және қайта өңдеу бойынша қосымша ақпарат алу үшін жергілікті муниципалды органдарға, тұрмыстық қалдықтарды пайдаға асырудың жергілікті қызметіне немесе бұйым сатып алынған дүкенге жолығыңыз.

Бұл бұйымға қызмет көрсету, пайдаға асыру және қайта өңдеу бойынша қосымша ақпарат алу үшін жергілікті муниципалды органдарға, тұрмыстық қалдықтарды пайдаға асырудың жергілікті қызметіне немесе бұйым сатып алынған дүкенге жолығыңыз.



## 16. КЕПІЛДІК

Біз осы тұрмыстық бетке сатып алу күнінен бастап бір жылға кепілдік береміз. Егер сіз бетті осы нұсқаулыққа сай қолдансаңыз, бірақ бұзылу бәрібір орын алса, ең жақсын сервистік орталыққа хабарласыңыз.


Кепілдік бойынша қызмет көрсетілуі үшін сатушы сату кезінде міндетті түрде толтыруы керек кепілдік талонымен бірге тұрмыстық құрылғыны сатып алу чегін беру керек. Кепілдік талонын толтыруды талап етіңіз.

Әйтпесе, кепілдік бойынша міндеттемелер жарамсыз болады.

### Келесі жағдайларда кепілдік қолданылмайды:

- Осы нұсқаулықта немесе кепілдік талонында көрсетілген талаптар бұзылған.
- Бет өндірістік мақсаттарда қолданылған.
- Кепілдік мерзімі біткен.
- Сапалы емес орнату, дұрыс емес қолдану орын алды.
- Желінің электр кернеуі бет нұсқаулығының талаптарына сай емес.
- Бет өкілетті емес сервистік станцияда жөндеуден өткен немесе жөндеу кезінде басқа өндірушінің қосалқы бөлшектері қолданылған.

Кепілдік мерзімі біткеннен кейін барлық регламенттік жұмыстар, жөндеу және қосалқы бөлшектерді ауыстыру ақылы болып табылады. Бұйым еуропалық стандарттарға сай өндірілген және сертификаттаудан өткізілген.



Бұл нұсқаулық тұрмыстық кірістірілетін электр / индукциялық әзірлеу беттерінің келесі үлгілеріне арналған: PE-605, PI-605.

**Құрметті сатып алушы,**

**«MBS» сауда белгісінің өнімін таңдағаныңыз үшін рақмет.**

## Өндіруші

АРДА (ЖЕОЗЯНГ) ЭЛЕКТРИК КО., ЛТД.

166 ЮНГУЙ НОТЕРН РОАД, ЧЕНГСИ ЖАҢА ИНДУСТРИАЛДЫҚ АЙМАҒЫ,


ЁНКАНГ, ЖЕОЗЯНГ, 321300, ҚЫТАЙ.

МБС СТАРС ГРУП АГ ҮШІН.

## Сериялық идентификациялық нөмір

(Кепілдік талонында, мотордағы жапсырмада, қораптағы жапсырмада көрсетілген).

11.03.01.17



1 – жыл

2 – ай

3 – бұйымның сериялық нөмірі

## Уважаемый, покупатель!

Мы благодарим Вас за выбор электрической (PE-605) / индукционной (PI-605) варочной поверхности швейцарской торговой марки MBS. Пожалуйста, внимательно ознакомьтесь с настоящей Инструкцией перед началом пользования.

Монтаж и подключение варочной поверхности должны быть произведены только квалифицированным специалистом в соответствии с правилами, изложенными в настоящей Инструкции. Производитель (поставщик) не несет ответственность в случае поломки или повреждения изделия в результате несоблюдения настоящей Инструкции.

Настоящая инструкция была разработана для обеспечения вашей безопасности и безопасности окружающих. Поэтому, мы просим вас внимательно ее прочитать, перед тем как устанавливать прибор и начать им пользоваться. Сохраните данную инструкцию, чтобы при необходимости обращаться к ней впоследствии. Если прибор будет продан или передан другому лицу, удостоверьтесь, что данная инструкция была передана новому владельцу.

### Установка

- Установка прибора и его подключение к электрической сети должны выполняться только **КВАЛИФИЦИРОВАННЫМ СПЕЦИАЛИСТОМ**. Перед выполнением любых операций, важно проверить, что прибор **ОТКЛЮЧЕН** от электрической сети.
- Недопустимо пытаться изменить характеристики данной продукции.
- После того как прибор был распакован, убедитесь, что он не имеет повреждений и электрические контакты в идеальном состоянии. В противном случае, свяжитесь с продавцом.
- Производитель не несет ответственность за несоблюдение мер предосторожности и техники безопасности.
- Прибор должен подключаться к сети с заземлением.
- Перед тем, как начать использовать прибор, снимите все ярлыки и защитную пленку снаружи и внутри прибора.

### Эксплуатация

- Данная продукция разработана для приготовления пищи, для непрофессионального использования. Ее не следует использовать для иных целей.
- По окончании работы с варочной поверхностью, убедитесь, что вы ее выключили.
- Если вы используете электрическую розетку рядом с данным прибором, позаботьтесь, чтобы кабели используемых вами приборов не касались его и находились достаточно далеко от горячих частей прибора.
- Никогда не используйте данный прибор для обогрева помещения.

## **Безопасность детей**

- Данный прибор должен использоваться только совершеннолетними людьми. Позаботьтесь о том, чтобы дети не имели доступа к прибору.
- Открытые части данного прибора нагреваются при приготовлении пищи и остаются горячими в течение некоторого времени после выключения. Не подпускайте детей к прибору, пока он не остынет.

## **Очистка и обслуживание**

- Поддерживайте прибор в чистом состоянии. Загрязнения пищевыми остатками недопустимо, т.к. может привести к риску возникновения пожара.
- Старайтесь избегать попадания сахара или сладких смесей на горячую варочную поверхность. Никогда не располагайте вещества или материалы, которые могут расплавиться на варочной поверхности. Если это все-таки произошло, незамедлительно выключите прибор и снимите расплавленный материал с помощью скребка, пока зона нагрева еще горячая, чтобы предотвратить ее повреждение. Если керамическая поверхность не будет очищена незамедлительно, может образоваться наслоение, которое будет невозможно удалить, после того как поверхность остынет.

## **Сервисное обслуживание и запасные части**

- В случае возникновения неисправностей. Никогда не пытайтесь самостоятельно чинить прибор. Неквалифицированный ремонт может привести к повреждениям и несчастным случаям. В первую очередь обратитесь к содержанию данного руководства. Если вы не смогли найти в нем необходимой информации, обратитесь в ближайший сервисный центр. Сервисное обслуживание данного прибора должно производиться только в авторизованном техническом сервисном центре. Всегда требуйте использования оригинальных запчастей.

## **Утилизация прибора**

- Прибор произведен из материалов, являющихся экологически безопасными. Приняв решение о замене прибора новым, обратитесь в организации, занимающиеся утилизацией данного вида техники.
- Пожалуйста, внесите свой вклад в защиту окружающей среды.

## СОДЕРЖАНИЕ

1. ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ОТНОСИТЕЛЬНО БЕЗОПАСНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ
2. ОБЩЕЕ ОПИСАНИЕ ИЗДЕЛИЯ
3. НЕСКОЛЬКО СЛОВ О ПРИГОТОВЛЕНИИ ПИЩИ НА ИНДУКЦИОННЫХ ПАНЕЛЯХ (ДЛЯ P1-605)
4. ВЫБОР СООТВЕТСТВУЮЩЕЙ ПОСУДЫ (ДЛЯ P1-605)
5. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИОБРЕТЕННОЙ ИНДУКЦИОННОЙ/КЕРАМИЧЕСКОЙ ВАРОЧНОЙ ПАНЕЛИ
6. БЛОКИРОВКА СРЕДСТВ УПРАВЛЕНИЯ
7. АВТОМАТИЧЕСКОЕ ВЫКЛЮЧЕНИЕ (ДЛЯ PE-605)
8. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТАЙМЕРА
9. РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРИГОТОВЛЕНИЮ ПИЩИ
10. УСТАНОВКИ УРОВНЯ НАГРЕВА
11. УХОД И ЧИСТКА
12. СОВЕТЫ И РЕКОМЕНДАЦИИ
13. ИНДИКАЦИЯ НЕИСПРАВНОСТЕЙ И ПРОВЕРКА (ДЛЯ P1-605)
14. ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ
15. УСТАНОВКА
16. ГАРАНТИЯ

